

Қазақстан Республикасының ғылым және білім министрлігі
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті
Жаратылыстану факультеті
Анатомия, физиология және дефектология кафедрасы



PAVLODAR MEMLEKETTİK
PEDAGOGIKALYQ YNIVERSITETI

Ерте жастағы балалардағы сөйлеу тілінің тежелуінің алдын алудың ерекшеліктері

Орындаған: Борашев А.С

Ғылыми жетекші: б.ғ.к, доцент Кабиева С.Ж

Павлодар

2019 жыл

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Сөйлеу тілінің дамуы балалардың жан-жақты, біртұтас дамуының маңызды бағыты болып табылады. Балаларда байланыстырып сөйлеудің дамуы, тіл байлығын игеруі тек тұлғаны қалыптастырудың маңызды компоненті ретінде ақыл-ой, эстетикалық, моральді дамуымен тығыз байланысты және балалардың тілдік оқыту мен тәрбиелеуде ерекше басымдылыққа ие.

Зерттеу жұмысының мақсаты – ерте жастағы балалардың сөйлеу тілінің тежелуінің ерекшеліктерін зерттеу.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

1. Ерте жастағы балалардың сөйлеу тілінің тежелуінің алдын алуының теориялық негіздерін анықтау.
2. Ерте жастағы балалардың сөйлеу тілінің тежелуінің алдын алуының тәжірибелік жұмыстарын өткізу.
3. Зерттеу қорытындыларының салыстырмасы сипаттамасын орындау.

Зерттеу жұмысының объектісі – ерте жастағы балалардың сөйлеу тілінің тежелуінің ерекшеліктері

Зерттеу жұмысының пәні – ерте жастағы балалардың сөйлеу тілінің тежелуінің алдын алудың үдерісі.

Зерттеу жұмысының гипотезасы – ерте жастағы балалардың сөйлеу тілінің тежелуінің алдын алу жұмыстары балаларда сөйлеу кемістігін ертерек анықтап, тиісті түзету-логопедиялық жұмыстарды ұйымдастырып баланың тілдік сөйлеуін тиісті деңгейге жеткізіп дамыту мүмкіншілігіне әкеледі

Зерттеу базасы:

Зерттеу жұмысымыз «Павлодар қаласының сөйлеу қабілеттері бұзылған балаларға арналған №26 арнайы балабақшасы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорнында жүргізілді.

Зерттеу жұмысы үш кезең бойынша іске асырылды:

- 1. кезең — анықтаушы эксперимент.** Бұл кезеңде біз зерттеуге қатысатын балаларда сөйлеу тілінің бұзылыстарын анықтауды мақсат еттік
- 2. кезең — қалыптастырушы эксперимент.** Осы кезеңде сөйлеу тілі бұзылыстары анықталған балалармен логопедиялық-түзету бағдарламасы құрастырылып, қажетті іс-шараларын тәжірибелік жолмен іске асырдық
- 3. бақылау кезеңі жұмыс барысында ұйымдастырылған іс-шараның нәтижелілігін байқадық.**

Кесте- 1.Зерртеуге қатысқан балалардың тізімі

№	Балалардың есімдірі	Жасы	Диагноз	Логопедиялық диагноз
1	Е	6	Орталық жүйке жүйесінің резидуалды органикалық бұзылыстары	Сөйлеу тілі жалпы дамымауы, 1 деңгей
2	Н	6	Орталық жүйке жүйесінің резидуалды органикалық бұзылыстары	Психикалық дамуының тежелуі, Сөйлеу тілі жалпы дамымауы
3	А	6	Орталық жүйке жүйесінің резидуалды органикалық бұзылыстары	Сөйлеу тілі жалпы дамымауы, 1 деңгей
4	И	6	Орталық жүйке жүйесінің резидуалды органикалық бұзылыстары	Сөйлеу тілі жалпы дамымауы, 2 деңгей
5	А	6	Орталық жүйке жүйесінің резидуалды органикалық бұзылыстары	Сөйлеу тілі жалпы дамымауы, 2 деңгей
6	А	6	Орталық жүйке жүйесінің резидуалды органикалық бұзылыстары	Сөйлеу тілі жалпы дамымауы, 2-3 деңгей
7	М	6	Орталық жүйке жүйесінің резидуалды органикалық бұзылыстары	Сөйлеу тілі жалпы дамымауы, 2 деңгей
8	Н	6	Орталық жүйке жүйесінің резидуалды органикалық бұзылыстары	Сөйлеу тілі жалпы дамымауы, 1 деңгей


Ерте жастағы балалардың сөйлеу тілінің даму ерекшеліктерін анықтау үшін Т.Б.Чиркинаның әдістемелерін негізге ала отырып, қазақ тілінің ерекшеліктерін ескеріп, келесі әдістемелерді қолдандық:

№1 Әдістеме. «Сөйлеу тілін түсінуін тексеру».

№2 әдістеме. «Ойыншықты тап».

№3 Әдістеме. «Бұл не?»


№4 әдістеме. «Суретті сипатта»



Сурет – 1. Анықтаушы эксперименттің нәтижелері

Қалыптастырушы эксперимент

Зерттеу жұмысымыздың анықтаушы экспериментінің қорытындыларын біз қалыптастырушы эксперимент барысында есепке ала отыра арт-терапия технологиясының элементтерін қолдану арқылы балалардың тіл кемістіктерін түзету және алдын алу бағдарламасын қолдандық



Сурет - 2. Бақылау эксперименттің нәтижелері

Қорытынды

Сөйлеу туа пайда болған қабілет болып табылмайды, ол онтогенез үрдісінде баланың физикалық және ақыл-ой дамуымен қатар дамиды және оның жалпы дамуының көрсеткіші қызметін атқарады.

Ғылыми зерртеу жұмысының нәтижесінде алдымызға қойған барлық міндеттерді атқарып шықтық.

Зерттеу нәтижесінде ерте жастағы балалардың сөйлеу тілін дамытуға бағытталған келесі ұсыныстарды атауға болады:

- қажетті педагогикалық жағдайлар үшін интерактивті ортадағы арнайы түзетушілік-логопедиялық жұмыстарды жүргізу;
- балалардың сөйлеу тілін дамытуды олардың сөйлеу белсенділігін дамытуға, сөздік қорын байытуға көмектесетін ойын негізінде ұйымдастыру;